Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

Специализированный межрайонный экономический суд области Жетісу

АТҚАРУ ПАРАҒЫ

№ 3313-23-00-2/522-1

Талдықорған қаласы, Абылайхан көшесі №116

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 25.05.2023 ж. талап қоюшы

Государственное учреждение "Аппарат акима Алакольского района"

(талапкерлердің Т.А.Ә)

Кунанбаев Айдын Асетович

(жауапкерлердің Т.А.Ә.)

соманы өндіріп алу туралы

(орындалу нысанасы)

талап арызы бойынша азаматтық ісін қарап,

Шешім етті/Ұйғарым етті: Жеке кәсіпкер «Кунанбаев А.А.» басшысы Айдын Асетович Кунанбаевты ЖСН 870117301460 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Шешімінің заңды күшіне енуі күні - 03.07.2023 жылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3-ші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 21-бабының екінші бөлігіне сәйкес заңды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулыларымен бұйрықтары, сондай-ақ соттар мен судьялардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен басқа да жолданыстары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 241-бабының бірінші бөлігіне сәйкес шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгеннен кейін, заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады. Дереу орындауға жататын сот шешімдері Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 243-бабында көрсетілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 128-бабына сәйкес сот орындаушысының заңды талаптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, азаматтар мен ұйымдар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы [illegible] тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен [illegible] носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен код қойылған деректер туралы
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря суда

орындалуға тиіс.

Осы атқару парағының негізінде **Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты жылы** осыған қатысты барлық лауазымды адамдар мен азаматтарды, сот ШЕШІМІН уақытылы және дәл орындауды міндеттейді.

Барлық мемлекеттік және лауазымды адамдар сот шешімін орындау кезінде сот орындаушысына көмек көрсетуге міндетті.

Атқару парағы аса маңызды құжаттар есебінде сақталуға жатады: тапсырыс хатпен жолданады, жауапкердің қолына берілмейді, жауапкер жұмыс орнынан босатылған жағдайда атқару парағын кәсіпорынның әкімшілігі сот орындаушысына кері қайтарады немесе оның жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

Өндірушінің толық атауы және мекенжайы:

Өндірушінің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер өндіруші заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компанияның атауы: Государственное учреждение "Аппарат акима Алакольского района"

БСН: 001240003003

Тіркеу мерзімі:11.12.2000

Меншік нысаны: Мемлекеттік меншік

Банк реквизиттері: ҚР қаржы Министрлігінің қазынашылық Комитеті ММ

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖЕТІСУ, АЛАКӨЛ АУДАНЫ, Ушарал, Қонаев 74

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖЕТІСУ, АЛАКӨЛ АУДАНЫ, Ушарал, Қонаев 74

Жауапкердің толық атауы және мекенжайы

Жауапкердің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер жауапкер заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Т.А.Ә.: Кунанбаев Айдын Асетович

Туған жылы: 17.01.1987

ЖСН: 870117301460

Туған жері: КАЗАХСТАН, В-КАЗАХСТАНСКАЯ, УРДЖАРСКИЙ РАЙОН

Құжаттың нөмірі 050709059

Берілген күні 12.05.2022 жылы ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Заңды мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖЕТІСУ, САРҚАН АУДАНЫ, Саркан, УЛИЦА Қабанбай Батыр 24, кв.44

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖЕТІСУ, САРҚАН АУДАНЫ, Саркан, УЛИЦА Қабанбай Батыр 24, кв.44

Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы Киргабаков Марлен Болатович

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

Аудандық және оған теңестірілген сот кеңсесінің бас маманы - сот отырысының хатшысы

Құсайнова Әйгерім Құсайнқызы

Шығарылу күні 05.07.2023 жыл

сы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7-бабының
рмағына сәйкес.
нный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен
ителе.

трих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтанбасымен қол қойылған деректерді
трих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью

Аткару парағы тігілді және
нөмірленді бетте

Судья М.Б.Қырғабақов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 25 мамыр №3313-23-00-2/522 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья М.Б.Киргабаков,
сот отырысының хатшысы М.С.Мухаметжановананың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ: «Алакөл ауданы әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР: жеке кәсіпкер «Кунанбаев А.А.» басшысы Айдын Асетович Кунанбаев,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Жосықсыз мердігер ретінде тану,
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Ж.Жабайханова,
талап қоюшының өкілі Омарбекова Р.Е.,
жаупкер А.А.Кунанбаев,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 17 ақпанда «Алакөл ауданы әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі Мекеме, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Кунанбаев А.А.» басшысы Айдын Асетович Кунанбаев (бұдан әрі Кәсіпорын, өнімберуші) тауарларды мемлекеттік сатыпалу туралы № 5 шартқа қол қойған.

Шарт бойынша және шартқа қоса тіркелген қосымшаларға сәйкес өнімберуші тапсырыс берушіге тауарларды, яғни Үшарал қалалық округі ММ-нің әкімінің аппараты үшін е-Қызмет ақпараттық жүесі интеграциялау сервисімен кіріуді бақылау және басқару жүесін (ББЖЖ) орнату бойынша қызмет көрсетулерге міндеттелген.

Шарттың жалпы сомасы 1637000 теңгені құрайды. Өнімберуші жұмыстарды шарт Қазынашылық басқармасына тіркелген күннен бастап 30 күнтізберік ішінде (2023 жылдың 17 ақпанда тіркелді) орындап беруге

міндетті. Алайда, Өнімберуші Шарт бойынша өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған, турникет орнатып е-Қызмет ақпараттық жүйесі интеграциялау сервисіне қосу міндеттемесін орындамады, бұл мән-жай іс құжаттарымен дәлелденеді.

Мекеме жоғарыда аталған талап арызбен сотқа жүгініп, шарт бойынша өнімберуші өзіне алған міндеттемені тиісінше орындамағаны үшін сатыпалуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкерден жазбаша түрде пікір түспеді.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі талап арызды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алу келісім шарты бойынша міндеттемелер толығымен орындалмағаның дауламады сонымен қатар талап арызды қанғатандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талапқою толығымен қанағаттандыруға жатады деген тұжырым жасады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1-ші талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі АК) 272-ші бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттармен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзгеде талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Сондай –ақ, АК-тің 277 - шібабының1-ші бөлігіне сай, егер міндеттеме де ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезеңішінде кезкелген уақытта орындалуға тиіс. Сот отырысында анықталғандай жауапкер Шарт бойынша өзіне алған міндеттемені тиісінше орындамаған, тауар кешіктіріліп жеткізілген, бұл іс құжаттарымен дәлелденеді.

Сондай - ақ, АК-тің 277-ші бабының 1-ші бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезеңішінде кезкелген уақытта орындалуға тиіс.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатыпалу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 12 - ші бабының 4-ші бөлігінің 3-ші тармағына сай, жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатыпалу туралы шартты орындаудан жалтарған әлеуетті өнімберушілер мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушылардың тізіміне енгізіледі.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнімберушінің немесе өнімберушінің Заңды бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап отыз күн тізбелік күнінен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнімберушіні немесе өнімберушіні

Құжатқа қол қойылған: Кыргабаков М.Б., 31.05.2023

мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот отрырысында анық болғандай жауапкер шартты тиісті түрде орындамағаны анықталды.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде сотқа талап арызбен жүгініп отыр.

Жоғарыда аталған негіздерге сай, сот талап қоюшының талабы қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

№2-ші талап бойынша:

Заңының 43-бабының 24-тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

АК-нің 298-бабына сәйкес міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8 бөлігіне сай, сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасалған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабын мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу келісім-шартының 7-бабының 7.3 - тармағына сәйкес, өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда, мерзімі өткен күн үшін шарттың жалпы құнынан 0,1 % тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Сот мәжілісінде жауапкердің өз міндеттемелерін Шартта белгіленген мерзімде толық орындамағаны анықталды және оны жоққа шығармады.

Талап қоюшымен ұсынылған тұрақсыздық айыбын есептеу сомасы 18007 теңге келісім шарт талаптарына сәйкес келелі.

Аталған жағдайды сот ескере келе тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

АК-нің 117 быбы 1 тармағына сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған

жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Аталған заң нормасының шеңберінде жаупкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж сомасы 541 теңге, және 1725 теңге өндіруге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

«Алакөл ауданы әкім аппараты» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Кунанбаев А.А.» басшысы Айдын Асетович Кунанбаевты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұраксыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Кунанбаев А.А.» басшысы Айдын Асетович Кунанбаевты ЖСН 870117301460 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Кунанбаев А.А.» басшысы Айдын Асетович Кунанбаевтан ЖСН 870117301460 мемлекет пайдасына тұраксыздық айыбы 18007 (он сегіз мың жеті) теңге өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Кунанбаев А.А.» басшысы Айдын Асетович Кунанбаевтан ЖСН 870117301460 мемлекет пайдасына мемлекеттік баж шығыны 2266 (екі мың екі жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар Қазақстан Республикасының АПК – нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты аркылы шағым немесе прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Киргабаков М.Б.
Көшірмесі дұрыс
Судья Киргабаков М.Б.
Анықтама
Шешім түпкілікті нысанда 2023 жылы 31.05 дайындалды
Судья Киргабаков М.Б.
Анықтама
Шешім күшіне енді «03» 07 2023 жылы енді
Судья Киргабаков М.Б.

Құжатқа қол қойылған: Киргабаков М.Б., 31.05.2023
Құжатқа қол қойылған: Киргабаков М.Б., 31.05.2023

Шешім тігілді және нөмірленді
беттеСудья М.Б.Қырғабақов